

Қосымша кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 ақпандағы N 94 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қосымша кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 а қ п а н д а ғ ы
N 9 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қосымша кәсіптік білімнің беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Ереже) сәйкес қосымша кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Қосымша кәсіптік білім беруді білім беру ұйымдары, ғылыми ұйымдар мен қосымша білім беру ұйымдары, сондай-ақ мәні білім беру қызметі болып табылатын тиісті құрылымдық бөлімшелері бар өзге де заңды тұлғалар іске асырады (бұдан әрі - Ұйымдар).

3. Ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, осы Ережені, ұйымның Жарғысын және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады.

4. Ұйымдардың негізгі міндеттері:
технологияда және өндірісте болатын өзгерістерге байланысты жұмысшыларға, қызметкерлерге, мамандарға қойылатын талаптардың үнемі артуын ескере отырып, олардың біліктілігін арттыру;
кадрларды қайта даярлау;
кәсіптік білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін тереңдету;
еңбек рыногы құрылымының өзгеруіне байланысты қосымша біліктілік алу жолымен кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады.

5. Ұйымдар "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, осы ережеге, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес өзінің Жарғысын әзірлейді.

2. Ұйымның негізгі функциялары

6. Ұйымдардың негізгі функциялары:
Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз ету;
білім беру процесі мен білім беру технологияларының әдістемелерін пайдалану және жетілдіру;
оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту;
тыңдаушылардың контингентін қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және ұйымның жарғысында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыру болып табылады.

3. Ұйымдардың білім беру қызметі

7. Ұйымда білім беру қызметін жүргізу құқығы лицензия алған сәттен бастап туындайды және оның мерзімі өткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ол қайтарылып алынған немесе жарамсыз деп танылған сәттен бастап тоқтатылады.

8. Ұйымдардың оқу процесі оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу процесіндегі оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, күнтізбелік кестелерді ұйымдар бекітеді.

9. Тыңдаушылардың білім деңгейін қорытынды бағалауды олардың құрамын ұйымның басшысы бекітетін емтихан комиссиясы жүргізеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

10. Тыңдаушы оқу жоспарының талаптарын орындамаған және ұйымның Жарғысын бұзған жағдайда ол ұйым басшысының бұйрығымен тыңдаушылар құрамынан шығарылады .

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

11. Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау кәсіпорындармен (бірлестіктермен), ұйымдармен, мекемелермен және мемлекеттік жұмыспен қамту қызметімен, сондай-ақ басқа да заңды және жеке тұлғалармен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

12. Қосымша кәсіптік білім алған тұлғаларға сертификат беріледі.

13. Ұйымдарға қабылдау тыңдаушының өтініші немесе кәсіпорынның, мекеменің, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың жолдамасы негізінде жүзеге асырылады .

14. Мамандардың біліктілігін арттырудан өту кезеңділігін "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші белгілейді.

4. Білім беру процесінің субъектілері

15. Тыңдаушылар контингентін қалыптастыру мемлекеттік тапсырыстар мен заңды және жеке тұлғалармен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Оқуға қабылдау ұйым басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

Тыңдаушыға оқып жүрген уақытында оның осы ұйымға оқуға келу мерзімі туралы куәландыратын анықтама беріледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

16. Шет мемлекеттер азаматтарының қосымша кәсіби білім алу тәртібі халықаралық келісімдермен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

17. Қосымша кәсіптік білім беру бюджет қаражаты есебінен сияқты, ақылы негізде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Ақылы негізде оқу құнын ұйым анықтайды.

18. Ұйымдар тыңдаушыларының: білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтауға қатысуға; қосымша білім беру бағдарламасын игеру үшін қажетті қолда бар нормативтік және нұсқаулық құжаттарды, оқу және оқу-әдістемелік материалдарды, сондай-ақ кітапхана мен ақпараттық қорларды, басқа да бөлімшелердің қызметтерін пайдалануға; конференциялар мен ғылыми семинарларға қатысуға; өз рефераттарын, еңбектері мен басқа да материалдарын ұйымдардың басылымдарында жариялауға құқығы бар.

19. Профессорлық-оқытушылық құрам саны штаттық кестеге сәйкес белгіленеді .

Профессорлық-оқытушылық құрам, әдіскерлер мен басқа персоналдың штаттарын, ұйымның құрылымын ұйымның басшысы бекітеді.

5. Ұйымды басқару

20. Ұйымды басқару Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне, осы ережеге және ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Ұйымды тікелей басқаруды құрылтайшы тағайындаған басшы жүзеге асырады .

Басшы осы ұйымның барлық санаттағы қызметкерлері мен тыңдаушылары орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады.

22. Ұйым басшысы ұйымның атынан әрекет етеді және оның мүдделерін қорғайды.

6. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі

**23. Ұйымды қаржыландыру:
бюджет қаражаты;**

ұйымдармен, заңды және жеке тұлғалармен жасалған шарттар бойынша тыңдаушының оқуы үшін алынған қаражат;

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 934 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

24. Ұйымдар өздерінің жарғысында, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен мүліктеріне иелік етуге және пайдалануға құқылы.

7. Ұйымның қызметін бақылау

25. Ұйымдардың қызметін мемлекеттік бақылау "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

8. Есепке алу және есеп беру

26. Ұйымдар жедел және бухгалтерлік есепке алуды жүзеге асырады, белгіленген нысан бойынша статистикалық бухгалтерлік есеп беруді жүргізеді, белгіленген тәртіппен тоқсандық және жылдық бухгалтерлік статистикалық есепті ұсынады.

27. Ұйымның лауазымды тұлғалары осы ұйымға бекітіліп берілген меншіктің сақталуы және тиімді пайдаланылуы үшін мемлекеттік статистикалық есепті бұрмалағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.